

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

«БЕКІТЕМІН»

Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз инновациялық
институтының ректоры, Ә.Ф.Д.

М.Баяндін

2024 ж.



**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА
ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
МАГИСТРАТУРАСЫНА ОҚУФА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

СМЖ ҚЕ 2-3/6

Тараз

<p><i>Шерхан Мұртаза атындағы</i> <i>Халықаралық Тараз инновациялық институты</i> <i>2023-2024 оқу жылына магистратурага оқуга қабылдау ережесі</i></p>	<p><i>11 беттің</i> <i>2-беті</i></p>
---	--

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНДІРІЛГЕН: - «Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру» орталығы, Қабылдау комиссиясы
- 2 КЕЛІСІЛДІ:
 - Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор ә.ғ.к., профессор Кадырова А.С.
 - Заң басқармасының басшысы Матжанов Е.

© Осы Ережені Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының рұқсатының толық немесе жартылай қайталауға, көбейтуге және таратуға болмайды.

<i>Шерхан Мұртаза атындағы</i> <i>Халықаралық Тараз инновациялық институты</i> <i>2023-2024 оқу жылына магистратурага оқуга қабылдау ережесі</i>	<i>11 беттің</i> <i>3-беті</i>
--	-----------------------------------

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Институтқа магистратураға оқуга қабылдаудың рәсімі.....	4
3. ХТИИ-дың магистратурасына оқуга қабылдау.....	7

Қосымшалар:

A қосымшасы Өзгерістер тіркеу парагы.....	8
B қосымшасы Келісу парагы.....	9
V қосымшасы Танысу парагы.....	10
Құжатты әзірлегендер.....	11

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты 2023-2024 оқу жылына магистратурага оқуға қабылдау ережесі	11 беттің 4-беті
--	-----------------------------------

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтына (бұдан әрі – ХТИИ) магистратурага оқуға қабылдаудың Ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 5-бабының 11) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы №600 бүйрығымен бекітілген, 2019 жылғы 14 маусымдағы №269, 2020 жылғы 8 маусымдағы №237, 2021 жылғы 24 мамырдағы №241 және Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №189, 2023 жылғы 26 қантардағы №24, 2024 жылғы 3 мамырдағы №212 бүйрықтарымен өзгерістер енгізілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес әзірленген және Институтқа магистратураға оқуға қабылдау тәртібін анықтайды.

2. ХТИИ-дың магистратурасына қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2. ИНСТИТУТҚА МАГИСТРАТУРАҒА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУДЫҢ РӘСІМІ

3. ХТИИ-га магистратураға тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Магистратураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

4. ХТИИ-га шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау институттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

5. Шетелдік білім беру үйымдары берген білім туралы құжаттар заннамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қантардағы № 8 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және ностирификациялау қағидаларына сәйкес танылады немесе ностирификацияланады.

6. Құжаттарды қабылдау және тұсу емтихандарын өткізуі үйымдастыру үшін ХТИИ-да қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы институт ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі институт ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бүйрығымен бекітіледі.

Магистратураға тұсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) тұсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді, КТ рәсімімен таныстыруды;

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты 2023-2024 оқу жылына магистратурага оқуга қабылдау ережесі	11 беттің 5-беті
--	-----------------------------------

7. ХТИИ магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдауды қабылдау комиссиясы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 8 шілдесі аралығында және 28 қазан мен 10 қараша аралығында жүргізіледі.

Магистратураға КТ күнтізбелік жылдың 20 шілде мен 10 тамызы аралығында өткізіледі.

8. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

9. Магистратураға түсуші тұлғалар ХТИИ-ға және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеу өткізуіндегі үлгілік қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18657 болып тіркелген) сәйкес белгіленген нысанда ұйым басшысының атына өтінішті;

2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұска, қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсыру кезінде);

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

4) 3x4 сантиметр өлшемділтіфосурет;

5) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 907 бұйрық) 075-У нысанындағы медициналық анықтаманы;

7) Осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі (бар болған жағдайда).

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсалары ұсынылады. Салыстыру түсушінің қатысуымен жүргізіледі. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсалар қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаган жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

10. Магистратураға түсуші адамдар күнтізбелік жылдың 15 -28 тамызы аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (ХТИИ-дың қабылдау комиссиясы арқылы) немесе «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Үлгілік қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының, (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет, стандарты) 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын тапсырады.

Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көлтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітірген туралы күәлік көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкери құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға өтініш келіп түсken күні «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қантардағы № 39 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 39 бүйрық) бекітілген нысан бойынша құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «Жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұраудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түсken сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушінің порталдағы «Жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға ХТИИ-га қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі, хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейінгі мерзімде ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін институт басшысы көрсетілетін қызмет алушыны ХТИИ-ға магистранттардың қатарына қабылдау туралы бүйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады;

11. Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, окуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс ағылшын тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

12. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БФМ) айқындастын КТ өткізу пункттерінде ҚР БФМ Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР БФМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

КТ-ны тапсырган жылы қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

13. Шет тілін менгерудің жалпы еуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар №600 бүйрықпен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының» 14 тармағында көрсетілген тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты 2023-2024 оқу жылына магистратурага оқуға қабылдау ережесі	11 беттің 7-беті
--	-----------------------------------

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы және жарамдылық мерзімі ХТИИ-дың қабылдау комиссиясымен тексеріледі.

КТ нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

3. ХТИИ-ДЫҢ МАГИСТРАТУРАСЫНА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

14. Магистратураға қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.

Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден және оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Ғылыми -педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға (бұдан әрі – 7-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Бейіндік магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға (бұдан әрі – 7-қосымша) сәйкес оқыту қазақ тілдерінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 70 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 8-қосымшаға (бұдан әрі – 8-қосымша) сәйкес оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 25 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Осы Ереже Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының 2024 жылдың 22 мамырдағы №10 Ғылыми кеңесі мәжілісінде талқыланып, макұлданды.

<p><i>Шерхан Мұртаза атындағы</i> <i>Халықаралық Тараз инновациялық институты</i> <i>2023-2024 оқу жылына магистратурага оқуға қабылдау ережесі</i></p>	<p><i>11 беттің</i> <i>9-беті</i></p>
---	--

Ә қосымшасы

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

<p><i>Шерхан Мұртаза атындағы</i> <i>Халықаралық Тараз инновацияллық институты</i> <i>2023-2024 оқу жылына магистратурага оқуға қабылдау ережесі</i></p>	<p><i>11 беттің</i> <i>10-беті</i></p>
--	---

Б қосымшасы

ТАНЫСУ ПАРАГЫ

<i>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты 2023-2024 оқу жылына магистратурага оқуга қабылдау ережесі</i>	<i>11 беттің 11-беті</i>
--	------------------------------

Құжатты әзірлегендер:

«Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру»

орталығының жетекшісі

A.Сарсенова

Қабылдау комиссиясының

жауапты хатшысы

М.Байкулов